



Павлодар облысы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі "2019 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелер туралы" № 88/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 332/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 қарашада № 6621 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 108 бұйрығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі "2019 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелер туралы" № 88/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6291 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. С. Батановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

Б. Бакауов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы вице-министрі

2019 жылғы "12" қараша

Павлодар облысы әкімдігінің
2019 жылғы "14" қарашадағы
№ 332/3 қаулысына
қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2019 жылға арналған субсидиялар көлемдері

Р/с №	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана, доза)	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	10 000	60 830	608 300
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы *		20 000	21 850	437 000
3	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100 000	21	2 100
4	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	1 917	287 550
5	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу*		225 000	1 177	264 825
6	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	750 528	150 105,6
Барлық сомасы					1 749 880,6
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:					
7	Бір жынысты	сатып алынған	10 000	305	3 050
8	Қос жынысты	доза	5 000	2 058	10 290
Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:					
9	отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	353	52 950
10	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген *		225 000	840	189 000
Сүт өндіру құнын арзандату:					
11	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	35	35 728 570	1 250 499,95

12	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	3 000 000	60 000
13	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10	2 959 731	29 597,31
14	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10	2 500 000	25 000
15	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5 000	2 594	12 970
16	Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	80 000	35	2 800
17	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату **/**	бас	120 000	5 416	649 920
Барлық сомасы					2 286 077,26
Етті құс шаруашылығы					
Құс етін өндіру құнын арзандату					
18	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	50	4 520 000	226 000
Барлық сомасы					226 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:					
19	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,2	127 298 550	280 056,810
20	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		2	19 417 433	38 834,866
Барлық сомасы					318 891,676
Шошқа шаруашылығы					
21	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу *	бас/шағылысу маусымы	40 000	6 798	271 920
Барлық сомасы					271 920
Қой шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
22	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу маусымы	2 500	7 271	18 177,5
23	Қойлардың тауарлық аналық басы		1 500	30 000	45 000
24	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	539	4 312
Барлық сомасы					67 489,5

Жылқы шаруашылығы					
25	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	132	13 200
26	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	100 000	6 000
	Барлық сомасы				19 200
2018 жылы мақұлданған өтінімдер ***					
Шошқа етін өндіру құнын арзандату:					
27	нақты бордақыланды 3 000 бастан бастап	килограмм	100	1 990 159,64	199 015,964
	Барлық сомасы				199 015,964
	Барлығы				5 138 475

Ескертпе:

* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтерін осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес Министрлікпен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50%-ға дейін және мал азығын субсидиялау бойынша 100 %-ға дейін ұлғайтуға жол беріледі;

** - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінгенде;

*** - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 21-тармағына сәйкес, осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін алдыңғы жылы мақұлданған, бірақ қаражаттың болмауы себепті төленбеген өтінімдер 2019 жылғы бюджет қаражатынан басым тәртіппен төленуі тиіс.

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚШ – Америка Құрама Штаттары;

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.